

«Екпетал мектеп-балабақшасы»

«Мен не дұрыс, не бұрыс екенін білемін»

2025-2026оқу жылы

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Арыстановаға

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»жұмыс жоспарына сәйкес «Мен не дұрыс,не бұрыс екенін білемін»

Анықтама

Тақырып: «Мен не дұрыс,не бұрыс екенін білемін»

Сынып:5-6

Мақсаты: Оқушыларға дұрыс пен бұрысты ажырата білуге үйрету, адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіру, жауапкершілікке, адалдыққа және өз әрекетіне сын көзбен қарауға тәрбиелеу.

1-тренинг ойыны: «Дұрыс па, бұрыс па?»

Өту барысы:Мұғалім әртүрлі жағдаяттарды оқиды.

Мысалы:

- Досыңа көмектесу
- Біреудің затын рұқсатсыз алу
- Үлкенге сәлем беру
- Өтірік айту

Оқушылар «дұрыс» болса – қолын көтереді, «бұрыс» болса – қолын түсіреді.

Мақсаты: Ойлану, жылдам шешім қабылдау.

2-тренинг ойыны: «Жағдайдан шығу»

Өту барысы:Оқушыларды топқа бөліп, жағдаят беріледі.

Мысалы:

- Сыныптасың біреуді мазақтап жатыр
- Досың сабақтан қашуды ұсынды

Топ болып дұрыс шешімін табады және сахналап көрсетеді.

Мақсаты: Дұрыс әрекет етуге дағдыландыру.

3-тренинг ойыны: «Менің таңдауым»

Өту барысы:Оқушыларға екі таңдау ұсынылады:

- Шындық айту немесе өтірік айту
- Көмектесу немесе немқұрайлы қарау

Әр оқушы өз таңдауын айтып, неге солай таңдағанын түсіндіреді.

Мақсаты: Өз пікірін ашық айту, жауапкершілікті сезіну.



Қорытынды: Дұрыс пен бұрысты ажырата білу – әр адамның ең маңызды қасиеттерінің бірі. Әрбір жасаған ісіміз біздің болашағымызға әсер етеді. Сондықтан әрдайым ойымызбен де, ісімізбен де дұрыс жолды таңдай білейік. Жақсы адам болу – өз қолымызда.

Өткізген: Нұрлыбекова С.Е, Күзембаева Л.Р